



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Н. Г. Дементьеваға

2023 жылғы 1 маусымдағы
№ ДС-208 депутаттық сауалға

Құрметті Наталья Григорьевна!

Қосымша білім беру объектілерін салу мәселесі бойынша депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қосымша білім берудің 100 жаңа объектісін салу туралы

Мемлекет басшысының тапсырмасын¹ іске асыру үшін 50 балалар сауықтыру лагерін құру, балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту үшін кемінде 100 жаңа ірі объект салу жөніндегі жол картасының жобасы әзірленді (*бекіту мерзімі–2023 жылғы тамыз*). Қазіргі уақытта Жол картасының жобасы мүдделі мемлекеттік және жергілікті органдарға келісуге жіберілді.

Жол картасы жобасы шеңберінде 2023-2027 жылдары 100 объект, оның ішінде 21 Инновациялық шығармашылық орталығы және 79 өнер мектебін (*2023 ж. - 6 объект, 2024 ж. - 15, 2025 ж. - 25, 2026 ж. - 25, 2027 ж. - 29*) құрылысы салу жоспарлануда.

Ағымдағы жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 6 қосымша білім беру объектісінің құрылысы басталды.

Анықтама: Павлодар қаласында 300 орындық оқушылар сарайы, Маңғыстау облысында 1500 орындық оқушылар сарайы, Алматы қаласында 2500 орындық, 2 инновациялық шығармашылық орталығы, Қостанай қаласында 767 орындық Смарт-орталық, Шымкент қаласында 700 орындық оқушылар сарайы.

Сондай-ақ, республикалық бюджет қаражаты есебінен Инновациялық шығармашылықтың 15 үлгілік орталығын (*Қостанай қаласының Оқушылар сарайының жобасы бойынша*) және 79 үлгілік өнер мектебін (*Шымкент қаласының өнер мектебінің жобасы бойынша*) салу жоспарлануда. Осы мақсаттарға алдын ала 178,6

¹ ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (85-т.).

млрд теңгеден астам қаражат қажет болады (*есеп айырысулар Қаржы министрлігіне жіберілді*).

Қазіргі уақытта 2024 жылы 15 қосымша білім беру объектісін (*6 инновациялық шығармашылық орталығы, 9 өнер мектебі*) салу үшін қажетті құжаттар (*ЖСҚ, есептеулер, жер учаскелерін бөлу актілері және т.б.*) дайындалуда.

100 жаңа қосымша білім беру объектісінің 52-сі ауылдық жерлерде салынатын болады, бұл 2027 жылға қарай қосымша 800 мыңнан астам баланы қамтуға мүмкіндік береді.

Жалпы аталған объектілердің құрылысы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген².

Түркістан, Қонаев қалаларында, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында қосымша білім беру объектілерін салу туралы

Жаңадан құрылған облыстарда тегін қосымша білім беру қажеттілігі 63 мың орынды құрайды: Абай (23000), Жетісу (33000), Ұлытау (7000).

Осы өңірлерде 2027 жылға дейін 100 объектіні салу шеңберінде бір инновациялық шығармашылық орталығын (*600 орындық*) және төрт өнер мектебін (*150 орындық*) салу жоспарлануда.

2024 жылы Түркістан және Қонаев қалаларында бір инновациялық шығармашылық орталығын, 2024 жылдан 2027 жылға дейін жеті өнер мектебін пайдалануға беру жоспарлануда.

Қосымша білім беру ұйымдары үшін кадрлар даярлауға қатысты

Республикада 24 мыңнан астам қосымша білім беру педагогтері бар. 2023 жылдың басында қажеттілік 1,5 мыңнан астам педагогті құрайды.

Педагогтердің кәсіби өсуін арттыру үшін біліктілікті арттырудың 40 білім беру бағдарламасы әзірленді. Жыл сайынғы біліктілікті арттыру курстарымен 2,5 мыңнан астам қосымша білім беру педагогтері қамтылды (*2023 жылғы I жартыжылдықта - 2 мың*).

«Педагог мәртебесі туралы» Заң шеңберінде тиісті бейін бойынша кәсіптік білімі бар адамдар (*музыкант, спорт шебері, суретші және т.б.*) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының базасында міндетті түрде қайта даярлаудан өткен кезде педагог қызметкерлерге теңестіріледі.

Бұдан басқа, Балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында³ қосымша білім беру саласында белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті жаңа немесе өзгертілген кәсіби дағдыларды игеру үшін тұлғаны дамытуға бағытталған кәсіптік даярлық көзделген.

Қосымша білім беру саласындағы кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелері ағымдағы жылы бекіту жоспарланып отырған қосымша білім беру

² Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 Үкіметінің қаулысы.

³ «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту» туралы Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 31.08.№385 бұйрығы.

жүйесін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінің әзірленіп жатқан жобасында көрсетілген.

Балаларды сапалы қосымша біліммен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің ерекше бақылауында.

Осы мәселенің әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Үкімет депутаттық корпусының атсалысуымен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп балалардың зияткерлік, шығармашылық, спорттық бағытта дамуына бағытталған сындарлы ұсыныстарды талқылауға дайын екендігін білдіреді.

Т. Дүйсенова